

**«ҒҰМАРБЕК ДӘУКЕЕВ АТЫНДАҒЫ
АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

Бекітемін

**«Ғұмарбек Дәукеев атындағы
Алматы энергетика және
байланыс университеті»
коммерциялық емес
акционерлік қоғамының
ректоры**



С.С. Сагинтаева

2022 ж.

**«ҒҰМАРБЕК ДӘУКЕЕВ АТЫНДАҒЫ
АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ОҚЫТУШЫ-
ПРОФЕССОРЛАР ҚҰРАМЫ ЛАУАЗЫМДАРЫНА КОНКУРСТЫҚ
ОРНАЛАСУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

5-БАСЫЛЫМ

Қол қойылған күннен бастап күшіне енеді

Алматы, 2022 ж.



Сапа менеджмент жүйесі

Мазмұны

Құжат төлқұжаты	3
Келісу парағы	4
1. Жалпы ережелер	5
2. Конкурс туралы хабарландыру	5
3. Конкурстық комиссияның қалыптасуы	6
4. Конкурсты өткізу тәртібі.....	6
5. Шағымдану тәртібі.....	8
6. Ерекше ережелер.....	8

Құжат төлқұжаты	
Құжат түрі	Ұйымдастырушылық құжаттама
Құжаттың атауы	Университеттің оқытушы-профессорлар құрамы лауазымдарына конкурстық орналасу туралы ереже
Құжаттың мақсаты	Қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келетін барлық кандидаттарға тең мүмкіндіктер беретін оқытушы-профессорлар құрамының лауазымына конкурс өткізуді және олардың кәсіби қасиеттерін объективті бағалауды сипаттау
Әзірлеген	Академиялық қызмет жөніндегі проректор
Келісілген	Ғылыми және инновациялық қызмет жөніндегі проректор Академиялық мәселелер департаментінің директоры Қызметкерлерді басқару бөлімінің бастығы Заң кеңесшісі Мемлекеттік тіл және аударма бөлімінің бастығы Талдау және даму стратегиясы департаментінің жетекші маманы
Бекіткен	Ректор
Құжат орындаушылары	Университеттің барлық жұмыскерлері
Орындалуын бақылаушы	Академиялық қызмет жөніндегі проректор
Құжатқа қосымша	Жоқ
Ерекшелігі	Жоқ
Нормативтік сілтемелер	Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» заңы Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы «Педагог мәртебесі туралы» заңы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы № 407-IV «Ғылым туралы» заңы АЭЖБУ КеАҚ барлық жұмыскерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамалары
Түпнұсқа иесі	Талдау және даму стратегиясы департаменті

Келісу парағы

Ереже келісілді:

Ғылыми және инновациялық қызмет жөніндегі проректор

Сухин В.А.
«25» 04 2022 ж.

Академиялық мәселелер департаментінің директоры

Мухометжанов Р.
«25» 04 2022 ж.

Заң кеңесшісі

Чопиш М.М.
«25» 04 2022 ж.

HR-директоры

Сулесла Р.В.
«25» 04 2022 ж.

Қызметкерлерді басқару бөлімінің бастығы

Алиева З.Ю.
«25» 04 2022 ж.

Мемлекеттік тіл және аударма бөлімінің бастығы

Турар Т.С.
«25» 04 2022 ж.

Талдау және даму стратегиясы департаментінің жетекші маманы

Елашкис Н.
«25» 04 2022 ж.

Әзірлеген:

Академиялық қызмет жөніндегі проректор

Кочешин С.В.
«25» 04 2022 ж.

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы оқытушы-профессорлар құрамы лауазымдарына конкурстық орналасу туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі заңына, «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Заңына, ҚР 2011 жылғы 18 ақпандағы № 407-IV «Ғылым туралы» заңына, ҚР Еңбек Кодексіне, «Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Университет) Жарғысына сәйкес дайындалды және штаттық кестеде көзделген оқытушы-профессорлар құрамының (бұдан әрі – ОПК) лауазымдарына конкурстық орналасу тәртібін айқындайды.

1.2. Ереженің мақсаты:

1.2.1 ОПК лауазымдарына орналасу;

1.2.2 Кадрлық саясат мәселелерінде Университет стратегиялық міндеттерін жүзеге асыру;

1.2.3 жоғары білікті және бәсекеге қабілетті ОПК қалыптастыру.

1.3. ОПК-ға кафедра меңгерушісі, профессор, доцент, аға оқытушы, оқытушы жатады.

1.4. ОПК лауазымына орналасу конкурсы жазғы және қысқы кезеңде жылына екі рет өткізіледі. Өндірістік қажеттілік жағдайында ОПК лауазымы бойынша еңбек міндеттерін орындау үміткерге келесі конкурс өткізілгенге дейін жүктелуі мүмкін.

1.5. ОПК лауазымдарына орналасу конкурсына Университетте жұмыс істемейтін жұмыскерлер де, үміткерлер де қатыса алады.

1.6. Университет ОПК лауазымдарына орналасу конкурсына Университет ОПК лауазымдарының біліктілік сипаттамаларының талаптарына сәйкес келетін жоғары және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар тұлғалар жіберіледі.

1.7. ҚР «Білім туралы» Заңының 51-бабы 1-тармағына сәйкес білім беру ұйымдарында жұмыс істеуге: медициналық қарсы көрсетілімдері бар; психиатриялық және (немесе) наркологиялық диспансерде есепте тұрған; Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде көзделген шектеулер негізіндегі адамдар жіберілмейді.

1.8. Конкурстан тыс қоса атқару бойынша ОПК лауазымына ректорат мүшелері мен кафедра меңгерушілері қабылданады.

1.9. Бұрын конкурстан өткен қоса атқарушыларға ұқсас лауазым бойынша шартты бұзған және қайта жасасқан жағдайда ұсынылған кезең ішінде конкурс рәсімінен өтудің қажеті жоқ.

2. Конкурс туралы хабарландыру

2.1. Университет құжаттарды қабылдау аяқталатын күнге дейін кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын корпоративтік сайтты қоса алғанда, БАҚ-та және (немесе) Университеттің интернет-ресурстарында және (немесе) ішкі ресурстарында конкурс өткізу туралы хабарландыру орналастырады.

2.2. Құжаттар Университеттің конкурстық комиссиясының электрондық порталы (kkk.aues.kz).

арқылы хабарландыру жарияланған күннен бастап конкурсқа беріледі.

3. Конкурстық комиссияның қалыптасуы

3.1. Университеттің ОПК лауазымдарына конкурстық орналасу комиссиясының саны, дербес құрамы және өкілеттік мерзімі Университет Ректорының бұйрығымен анықталады және бекітіледі.

3.2. Конкурстық комиссияның негізгі міндеттері:

3.2.1 конкурсқа қатысу үшін барлығына тең мүмкіндіктер беру;

3.2.2 конкурсқа қатысушылар арасында адал бәсекелестікті қамтамасыз ету;

3.2.3 конкурсты өткізу объективтілігінің, жариялылығының сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

3.2.4 конкурстық құжаттамаға талдау жүргізу;

3.2.5 конкурс қорытындысы бойынша шешім шығару.

3.3. Конкурстық комиссияның құрамына: конкурстық комиссияның төрағасы – университеттің проректоры; конкурстық комиссия төрағасының орынбасары – университеттің проректоры немесе Университеттің құрылымдық бөлімшесінің басшысы; комиссия мүшелері – университеттің штаттық жұмыскерлері; конкурстық комиссияның хатшысы – университеттің штаттық жұмыскері кіреді. Конкурстық комиссияның төрағасы комиссияның қызметіне басшылық жасайды, комиссияның жұмысын жоспарлайды, жалпы бақылауды жүзеге асырады және комиссияның қызметіне жауапты болады.

3.4. Комиссия конкурсты өткізудің нысандарын, рәсімдерін, нақты мерзімдерін, конкурстық құжаттаманы талдауды дербес айқындайды.

3.5. Комиссия конкурсқа қатысу үшін кандидаттардың жұмыс бағыты бойынша мамандарды дауыс беру құқығынсыз тарта алады.

3.6. Конкурстық комиссия мүшелерінің саны тақ болуға тиіс.

3.7. Конкурстық комиссияның хатшысы комиссияның қызметіне техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асырады және дауыс беру рәсіміне қатысуға құқығы жоқ, сондай-ақ конкурстық комиссияның мүшесі болып табылмайды.

4. Конкурсты өткізу тәртібі

4.1. Хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдау аяқталатын күнге дейін қажетті құжаттарды онлайн берген тұлғалар конкурсқа қатысушылар болып табылады.

4.2. Конкурстық комиссияның электрондық порталына құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурсқа қатысуға тіркеуден бас тартуға немесе үміткерді ұсынбау үшін негіз болып табылады.

4.3. Егер үміткер конкурс өткізілетін күнге бір күн қалғанда байланысқа шықпаған жағдайда, комиссия ол үміткерді қарамауға құқылы.

4.4. Конкурс екі кезеңді рәсім бойынша өткізіледі. Бірінші кезеңде үміткер оқылатын пәндер, тиісті кафедраның онлайн отырысында оқыту әдістемесі туралы қысқаша баяндама жасайды, отырысты өткізудің бүкіл процесін міндетті түрде онлайн жазып алу арқылы. Кафедра отырысында ұсынылған құжаттар қарастырылады, бұл ретте кәсібилік деңгейін анықтау үшін оқытылуы болжанатын пәндер бойынша білімі, оқу материалын студенттерге жеткізе білуі, оқыту әдістемесі және үміткердің өзге де іскерліктері мен дағдылары тексеріледі. Бірінші кезеңді өткізу нәтижелері бойынша кафедра отырысында ашық дауыс беру арқылы екі шешімнің бірі шығарылады: «ұсынылсын» немесе «ұсынылмасын» және дәлелді қорытынды беріледі. Кафедра меңгерушісі кафедра шешімін және дәлелді қорытындыны конкурстық комиссияның электрондық порталына енгізеді. Дәлелді қорытындыда кандидатқа берілген ұсынымдардың немесе ұсынымнан бас тартудың себептері және дауыс беру қорытындылары қамтылуға тиіс. Кафедра меңгерушісі конкурстың бірінші кезеңін өткізуде объективтілік, академиялық адалдық, уақытылылық үшін жауап береді.

4.5. Екінші кезеңде үміткерлердің құжаттарын конкурс комиссиясы кафедра отырысының онлайн жазбасын ескере отырып қарайды. Университеттің ОПК лауазымдарына орналасу конкурсы ұсынылған құжаттарды талдау және онлайн әңгімелесу нысанында үміткерлер қызметінің қорытындыларын талдамалық жинақтау негізінде жүргізіледі, бұл ретте кәсібилік деңгейін айқындау үшін әрбір лауазым бойынша үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес білімі тексеріледі.

4.6. Кафедра меңгерушісі лауазымына орналасу конкурсы кафедра отырысында қаралмай, екінші кезеңнен бастап өткізіледі.

4.7. Конкурстық комиссияның отырысы конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде екіден бірі қатысқан кезде заңды деп есептеледі. Конкурстық комиссия қабылдаған шешімдер хаттама түрінде ресімделеді, оған конкурстық комиссияның төрағасы мен хатшысы қол қояды.

4.8. Конкурсқа қатысушы, егер оған комиссия құрамынан қатысушылардың көпшілігі дауыс берген жағдайда, оң қорытынды алады. Дауыс беру кезінде дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

4.9. Дауыс беру нәтижелері бойынша конкурстық комиссия әрбір үміткер бойынша еңбек шартын жасасу үшін Университет ректорына «Ұсынылсын» немесе «Ұсынылмасын» деген тұжырыммен ұсынымдар дайындайды.

4.10. Конкурсқа қатысушылар конкурстық комиссияның шешімімен Университеттің конкурстық комиссиясының электрондық порталының жеке кабинетінде (kkk.aues.kz) танысады.

4.11. ОПК лауазымдарына орналасу конкурсының қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес еңбек шарты жасалады (электрондық порталда жүктелген құжаттардың түпнұсқаларын тексеру үшін ұсына отырып). Конкурстан сәтті өткен үміткермен еңбек құқықтық қатынастар Университетпен еңбек шарты жасалғаннан кейін туындайды.

5. Шағымдану тәртібі

- 5.1. Конкурсқа қатысушылар өздеріне қатысты бөлігінде ғана конкурстық құжаттармен және комиссияның қорытынды шешімімен (талқылау мен дауыс беруді қоспағанда) таныса алады.
- 5.2. Конкурсқа қатысушылар конкурс комиссиясының шешіміне Ректорға шағымдануға құқылы. Ректорға конкурс комиссиясының шешіміне шағымдану туралы өтініш беру мерзімі – Комиссия шешімімен танысқан күннен бастап 3 жұмыс күні. Өтініш апелляцияның себептерін көрсете отырып беріледі.
- 5.3. Ректор конкурстық комиссияның шешіміне келіп түскен шағымды қарайды және осы Ережелердің бұзылғаны анықталған немесе конкурстық комиссияның ұсынымдарымен келіспеген жағдайда конкурстық комиссия қабылдаған шешімнің күшін жоюды ұсына алады.
- 5.4. Ректордың ұсынысын Конкурстық комиссия қайта отырыста қарайды. Үміткердің конкурстық материалдарын қарау және кейіннен дауыс беру нәтижелері бойынша конкурстық комиссия бұрын қабылданған шешімнің күшін жойып, жаңасын шығаруы немесе шешімін өзгеріссіз қалдыруы мүмкін. Конкурстық комиссия шағым берген Ректорды және үміткерді, сондай-ақ басқа да мүдделі тұлғаларды шешім қабылданған сәттен бастап бес күн мерзімінде хабардар етеді.
- 5.5. Конкурстық комиссияның бұрын қабылданған шешімді жоюы және жаңасын шығаруы Ректордың тиісті шешімін өзгертуі немесе қабылдауы үшін негіз болып табылады.
- 5.6. Конкурстық комиссияның электрондық порталына құжаттарды ұсынбауға байланысты мәселелер шағымдануға жатпайды.

6. Ерекше ережелер

- 6.1. Конкурстық комиссияның мүшелері, комиссия хатшысы, Университеттің конкурс өткізуге қатысатын өзге де жұмыскерлері конкурстық ақпаратқа және конкурс рәсіміне қатысты қатаң құпиялылықты сақтауға және осы Ережеде көзделген жағдайларды қоспағанда, конкурс бойынша кез келген ақпаратқа бөгде адамдардың қолжеткізбеуін қамтамасыз етуге міндетті.
- 6.2. Университет Конкурстық комиссия отырыстарының аудио/видео жазбаларын жүргізуге құқылы.
- 6.3. Ережеге өзгертулер мен толықтыруларды Ректор Университеттің Ішкі ұйымдастырушылық-құқықтық құжаттарына сәйкес белгіленген тәртіппен енгізе алады.
- 6.4. Осы Ережемен реттелмеген мәселелер ҚР нормативтік-құқықтық актілерімен және/немесе Университеттің басқа да ішкі ұйымдастырушылық-құқықтық құжаттарымен белгіленген тәртіпте шешіледі.
- 6.5. Осы Ереже Университет ректоры бекіткен күннен бастап күшіне енеді.